

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаменті

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақшатау ауылы
2023 жыл

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда №31053 болып тіркелген.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- | | |
|-------------------------------|---|
| 1. Карасаев Бекжан Каримович | мектеп директоры |
| 2. Басауова СалимаСергазиевна | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3. Калиева ГулнараЖумабековна | мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970540001988 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 12 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 22 мамыр.
- Заңды мекен-жайы: 030900, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі, 1А. Электрондық мекен-жайы: AkhatauOM@mail.kz, Телефон, факс: 8 (71332) 72-0-81.
- Мектептің техникалық паспорты 2014 жылы 29 қазанда жасалған. Сериясы –А, қабат саны-2, құрылыс ауданы-1099,5 м², ғимараттың ауқымы- 7535 м³ жалпы алаң- 1454,8 м², салынған жылы- 2013 жыл.
- «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 12.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген ;
- «Ақшатау орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».
- Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 69 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1,1830 га) кадастрлық номері: **02-032-011-294**

- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 18 ақпан 2021 жылы берілген №KZ74LAA00024089, мерзімі – шектелмеген. Бұйрық №60 н/қ (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің қаржы-экономикалық жағы аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
- «Ақшатау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепішілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Карасаев Бекжан Каримович 2014 жылы 07 ақпанда Ойыл аудандық білім бөлімінің №51 бұйрығымен Ақшатау орта мектебінің директоры қызметіне тағайындалды.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2014 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 17 сәуір 2014 жылғы №282 бұйрығы негізінде «аттестатталды».

Мектепте 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

I кезең-2020-2021 жж.

-Дайындық-ұйымдастыру жұмысы, мұғалімдерді дайындау және жоспарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

II кезең-2021-2023 жж.

Мектептің ішкі құрылымын, білім мазмұнын жаңарту, әдістемелік қызметті жетілдіру үшін тиімді инновациялық әдістермен өзгеріс енгізу.

III кезең – 2024-2025 жж.

Табысты мектеп жолына жұмыстану. Алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірибе нәтижесін тарату және жариялау.

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

1. Кәсіби жетілу үшін педагогтерді жұмылдыру, ынталандыру арқылы бірлесіп әрекет ету. Ұжымды ортақ мақсат үшін жұмыс істеуге жұмылдыру.
2. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.
3. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
4. Сыныптағы және іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізу;
5. Мұғалімдердің сыныпты басқару құзіреттілігін жетілдіру арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындауын қамтамасыз ету;
6. Желілік қоғамдастық және ресурстық орталық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу;

Істер номенклатурасы: 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының бекіту» туралы

3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:

01-Басшылық және бақылау

02-Кадрлармен жұмыс

03-Оқушылармен жұмыс

04-Оқу бөлімі

05-Оқу-әдістемелік бөлімі

06-Оқу-тәрбие бөлімі

07-Психолог кабинеті

08-Кітапхана

09-Медициналық кабинеті

10-Шаруашылық бөлімі

11- Әлеуметтік педагогтың жұмысы

12 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылы 19 тамызда №23 бұйрығымен құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептемегенде 9 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылының мақсаты: білім үрдісінің статистикалық және сапалық көрсеткіштерін дамыту мен жетілдірудің тиімді механизмдерін анықтау

Міндеттерді:

- Қазақстан Республикасының орта білім мемлекеттік стандарттарының жүзеге асыруына ықпал жасау;
- Жеке тұлғалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;
- Әрбір мұғалімнің жұмысы туралы мәліметтердің әдістемелік-ақпараттық орталығын құру (есепке алу, сараптау, талдау, бағалау)

Жоспардың мазмұны, бағыты:

I. Педагог кадрлар:

- Мұғалімдердің білім, біліктілік және кәсіптік деңгейінің көтерілуі;
- Нормативті құжаттардың орындалуы.

II. Оқу -тәрбие үрдісі

- Пәндердің оқытылу сапасы;
- Оқушылардың білім, білік, дағды сапасы;
- Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының сапасы;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті оқумен қамтудың ұйымдастырылуындағы педагогикалық мәселелердің орындалуы.
- Мектеп құжаттарының жүргізілуі және жүйелілігі.

III. Оқу материалдық база:

- Нормативтік құжаттардың орындалуы;
- Оқу құрал-жабдықтары, сақталуы;

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылармен жұмысты дұрыс жолға қою арқылы нәтижеге жету.
2. Мұғалімнің кәсіптік деңгейін арттыру арқылы білім –білік дағдысын қалыптастыру;
3. Мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті мен компьютерлік сауаттылықтарын жоғарылату;
4. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында Ақшатау орта мектебінің оқу процесін ұйымдастыруда "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 6-тармақшасына сәйкес және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.); ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2022 жылғы 9 қыркүйек №394 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырылулар енгізілген)», ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты;

ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен толықтырулар енгізілген)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытуда Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500, соңғы өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

2022-2023 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдарының тізімі қолданылады.

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламалары мен жоспарлары бойынша оқуларын жалғастыратын болады. Бастауыш сыныптары мен 5-11 сыныптарға арналған оқу пәндері мазмұнының әдістемелік ерекшеліктері алты білім беру саласын құрайды: «Тіл және әдебиет», «Математика және

информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша

Ақшатау орта мектебі 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде

тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған. Төмендегі кестеде 2022-2023 оқу жылының желтоқсан айына дейінгі өткізілген шаралар қамтылған.

1 қыркүйек «Білім күні» мерекесі аясында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында мерекелік жиын ұйымдастырылды. Жиында оқушылар «Әліппе» оқулығы мен демеушілікпен келген сөмкені алды. Сонымен қатар 2-11 сыныптарда «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», «Менің саяхатым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім тәрбие сағаты өткізілді. Тілдер күніне байланысты» «Тіл-асыл қазына» тақырыбында сынып сағаттары, «Үш тілдің патшалығы « қазақ тілі мен шет тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілді. 5 сыныпта «Менің тілім, соғып тұрған жүрегім» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. «Тіл – асыл қазына» тақырыбында мектеп кітапханашысы Д. Айжарықовамен бірлесе отырып мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. «Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы мектебімізде алғашқы апталық жұмыстардың бірі болып ұйымдастырылды. Апталық жұмысы барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. 3-сынып жетекшісі Ж. Аханова «Мен отбасыммен мақтанамын» тақырыбында ата-аналарын қатыстыра отырып ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында тек оқушылармен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды. Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. 2- сынып жетекшісі А. Борашева «Жол ережесін білу басты міндет» Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сурет көрмесі, сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.

Ұстаз апталығы мектебімізде биылғы жылы да өз жалғасын тапты. Тақырып аясында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп ұландары өздері дайындаған ашық хаттарымен мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтады. Ұстаздар мерекесіне байланысты мерекелік шара ұйымдастырылып, шарада оқушылар ұстаздарға арнап, ән айтылып, көркем сөздер оқылып, би биледі. Қаңтар айында «Мен таңдаған мамандық» студенттермен кездесу кеші болып өтті. Кешке жоғары оқу орындарының студенттері шақырылды. Студенттер оқушылардың сұрақтарына жауап беріп өз ойларымен бөлісті. Ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына байланысты «Мұқағали- мәңгілік ғұмыр» атты мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды. Шарада ақынның өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан көрініс көрсетілді. Оқушыларды жаңа мамандықтармен таныстыру мақсатында «Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, жаңа мамандықтар туралы ақпарат берілді. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Жол ережесін есіңе сақта» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 1 наурыз - «Алғыс айту» күнінде «Алғыс жәшігі» орналастырылып, оқушылар мұғалімдерге алғыстарын білдірді. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні «Ана өмірдің шуағы» мерекелік кеш ұйымдастырылды. Тәрбие сағаттары «Қыз сыны» байқауы, «Мерген ару-22» байқауы өткізілді. «Қош келдің Әз-Наурыз» мерекелік кеш ұйымдастырылып, әр сынып ұлттық салт- дәстүрлерден көрініс көрсетіп, ұлттық ойындар ойналып, ұлттық тағамдардан дәм татылды. «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік» сынып сағаттары өткізілді.

«Бірлігіміз жарасқан» 1 мамыр Халықтар достығы күніне оқушыларға тәрбие сағатында ақпараттар берілді. Отбасы күніне орай «Ана мен бала бір әлем» ата-анамен бірлескен шара, 15 мамыр – «Мерейлі отбасы» отбасылық сайыс, «Менің отбасым» тақырыбында бұрынғы ұйымдастырылды. «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны болып өтті.

Жиынға барлық оқушылар тартылды. «Менің жазғы демалысым» тақырыбында жоспар құрылып, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Атап айтатын болсақ, мектеп психологі Г.Елекбаева ата-аналармен «Отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында түсіндіру жұмысын өткізді. Мектебімізде өз денсаулықтарын күтіп-баптау мақсатында денсаулық апталығы өткізілді. Апталықта дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі А.Құлмурзин 5-6 сынып оқушылары арасында «Дала» жарысын өткізді. Сонымен қатар оқушыларға қазіргі таңдағы коронавирустың алдын алу мақсатында тәрбие сағаты өткізді. Денсаулық саласы мамандарымен түрлі кездесулер ұйымдастырып спорттық шаралар өткізілді. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен сыныптар тыс жұмыстар өткізілді. Баланың құқығын қорғау, бала өз құқығын білу керек деген мақсатта мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныпта тәрбие сағаттар өткізілді. Тәрбие саласы мамандары балалармен тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырып өткізді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында апталық жұмыс мектебімізде ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында мектеп оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырды. Барлық сыныптарда тәрбие тақырып аясында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді. 2022-2023 оқу жылында «Адалдық сағаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Отбасы және мектеп» атты арнайы жобаларды жүзеге асырылды. Бұл арнайы жобалар аясында мектепшілік тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, челленждер, т.б. жұмыстар ұйымдастырып отырылды. Өткізілген іс-шаралар уақытылы Ақшатау орта мектебінің инстграмм әлеуметтік желісінде жарияланып отырылды.

Әлеуметтік парақша атауы: *akshatauom*

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Ақшатау орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында *рухани – адамгершілік тәрбиесін* іске асыру бағытында жасалған жұмыстардың бірі ол діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары. Жылдық жоспар бойынша насихаттаушы – ақпараттық топ құрамы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жылдық жоспар бойынша «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңымен ұжым таныстырылды.

Діни секталарға үгіттеуді шектеу мақсатында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға баратын отбасыларды анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Түсінік жұмыстары жүргізу барысында діни отбасында тәрбиеленетін оқушылар анықталмады. Мектеп ішіндегі оқушылардың киім кию ережесі туралы түсінік жұмыстары жүргізу, сақтау, қадағалау туралы жұмыстар жүргізілді. Бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушыларын спорттық, мәдени үйірмелерге тарту жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушыларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын ұйымдастырды.

Ақшатау орта мектебі бойынша «Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылына арнап ақпараттық топ құрылды. Ақпараттық топтың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып 1-11 сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу шараларына тарту мақсат етіп қойылды. Жоспар бойынша білім алушылардың ата-аналарымен заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жемқорлыққа - жол жоқ» сурет көрмелері, сыныптан тыс шаралар, апталық жұмыстар, «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы жоспар бойынша уақытылы ұйымдастырылып отырылды.

Білім алушы бойында рухани-адамгершілік тәрбиесін іске асыру мақсатында Ақшатау орта мектебінде «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды. Жауапты болып әлеуметтік педагог А. Туребекова бекітілді. Құрамына орта, жоғары буын оқушыларынан ерікті түрде қосыламын деген оқушылар тіркелді. Негізгі мақсат мектеп оқушыларын білім ордасымен қатар ауыл ішінде өткізілетін шараларға ерікті түрде қатыстыру, мектептің, ауылдың дамуына, гүлденуіне үлес қосу.

Ақшатау орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша азаматтық – патриоттық тәрбиені іске асыру бойынша «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. I қыркүйек білім күніне байланысты «Терең білім, еңбекқорлық және Отаншылдық қасиет» атты салтанатты жиын өтті. Жиында 1-сынып оқушылармен белсенді ұландар және аудан әкімінің аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы Бергалиев Зейнұр, ауданымыздың әдіскері Досымбаева Сағида, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қосжанов Сәкен қатысты. 1-сынып оқушыларына «Әліппе» оқулығы берілді. Ауданымыздың кәсіпкері Т.Салфиқов 1-сынып оқушыларына мектеп құралдарын табыстады.

Мектепте «Жас Ұлан» ұйымының жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді. Ұланбасы тағайындалды және мүшелер сайланды. Ай-сайын отырыстар, мектепішілік апталық жиындар ұйымдастырылды. Білім алушылардың күнделікті мектеп формалары, сабаққа кешікпей келуі тексеріліп тұрады. Сонымен қатар оқушылардың күнделіктер ай сайын тексеріледі. Отбасы күніне байланысты «Отбасы-бақыт мекені» сынып сағаттары «Әке жүрегі тауданда үлкен, ана жүрегі теңізден терең» ата-анамен жұмыс», «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама. «Жол ережесін білу басты міндет» және «Жол қауіпсіздігінің алдын-алу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Салауат бағыты бойынша ұстаздар күніне байланысты

«Ұстаз – ұлы тұлға» атты ұландармен жұмыс қойған болатынмын. Ұландар ұстаз күніне концерт ұйымдастырып, ашық хаттарын табыстады. Ұстаздар өздерінің жылы лебіздерін білдірді. «Қарттарым аман сау жүрші» тақырыбында қарттарға көмек көрсетіліп акция жүргізілді. Қарттарға мерекелік дастархан жайылып, концерт ұйымдастырылды. Салауат бағыты бойынша «Денсаулық зор байлық!» спорттық сайыс өтті. 5-6 сынып ер балдар арасында футбол ұйымдастырылды. Салауат бағыты бойынша «Құқық бұзушылықты алдын алу» 7-11 сыныптар арасында аудандық инспектор Шегетаевпен кездесу ұйымдастырылды. Ата-анамен кездесу кештері ата-аналар жиналыстары өткізілді.

Азаматтық – патриоттық тәрбиені жоспарлау мақсатындағы жұмыстың бірі ол «Жас сарбаз» клубы. Жетекшісі болып АӨД пәнінің мұғалімі Е.Мерғалиев бекітілді. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының жылдық жұмыс жоспары 8-11 сынып оқушыларына арналып жасалған. Жоспарлау уақытында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, тақырыптар таңдалған. Қазіргі кездегі тәрбиенің бір бағыты ол – патриоттық тәрбие. Оқушыларды Отансүйгіштікке баулу, барлық буындағы ең өзекті мәселе. Оның ішінде патриоттық тәрбиенің әскери саламен байланыстыру балалар үшін өте қызықты тақырып болмақ. Клубтың негізгі мақсаты оқушылар арасында әскери мамандықты кеңінен насихаттау, елдің тарихын ұғындыру, батырлар өмірімен таныстыру, Қазақстанның армиясымен таныстыру, жаныңдағы адамдардың жақсылығын бағалау алу, қоғамдағы өз орнын білу.

Ақшатау орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында көркем-эстетикалық тәрбиені іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ «Инабат» қыз балалар клубының жұмысы. «Инабат» қыз балалар клубы мектебіміздегі қыздармен жұмыс жүргізетін клубтың бірі. Жетекшісі болып А. Махатова бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырылды. Жоспар бойынша оқу жылының басында алғашқы отырыс ұйымдастырылды. Мұнда қыздар жетекшімен бірге жылдық жоспарды талқылап, бекітуге ұсынады. Клубқа жаңадан қосылған қыздарға бойжеткен ережелерімен таныстырылды. Жыл бойы жоспар бойынша барлық жұмыстар өткізіліп, жылдық отырыстар болып хаттамалары жазылды. «Мектеп аруы» байқауы өткізіліп, 6 сынып оқушысы Ахметжан Жаннұр «Мектеп ару» атағын жеңіп алды.

Ақшатау орта мектебі бойынша ұлттық дәстүрлі, мәдениетті, жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысының бірі ретінде ақылы түрде жүргізілетін «До-можор» вокал үйірмесінің жұмысы. Мұнда оқушылар 2 топ бойынша ән айту бағыты бойынша өздерінің өнерлерін шыңдап, бос уақыттарын тиімді өткізіп, түрлі деңгейдегі конкурстарға қатысып отырды. Үйірме жұмыстары арқылы мектепшілік түрлі байлаулар, ұйымдастырылып отырылды. Мектебімізден аудандық «Бала дауысы» байқауына 6 сынып оқушысы Шабанова Қарақатты қатыстырып «Алғыс хат» иеленді. Облыстық «Бала дауысы-22» байқауына қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін «дипломмен» марапатталды.

Мектебімізде «Аналар асыл жандар» аналар мектебі өз жұмысын бастады. Құрамы сайланып, жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Мектебіміздің аналары мектепшілік барлық шаралардың басы-қасында жүреді. Жоспар бойынша іс-шаралармен қатар, жоспардан тыс сынып жетекшілердің жоспары бойынша, басқа да тәрбие саласы мамандарының жоспары бойынша барлық жұмыстарға белсенді қатысушылар. «Ана мен бала, ұстаз» арасындағы бірлескен жұмыстар жақсы нәтиже беруді. Аналар мектебінің құрамы жылына 3 рет отырыс өткізіп, қатысқан шараларға талдау жасайды. Сонымен қатар аналар мектебінің құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды насихаттауға, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады.

Ақшатау орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылды. Клубқа 8-11 сынып оқушылары қабылданды. Жетекшісі болып тарих пәні мұғалімі А.Айтеков бекітілді. Жылдық жоспар құрылып, оқушылармен жұмыстар жүргізілуде. Жетекші мен оқушылар мектепшілік дебат клубымен қатар аудандық дебат клубының

жұмыстарына белсене қатысуда. Оқушылардың аудандық дебат клубының жұмыстарына қатысу, сөз сөйлеу арқылы өздерінің білімдерін толықтыруда.

2022-2023 оқу жылында еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында төмендегі жұмыстар ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында ақылы спорт үйірмелері ашылды. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды. «ДЗЮДО» ақылы үйірмесі жұмыс жасап келеді. Жетекшісі болып М. Жайлыбаев бекітілді. «ДЗЮДО» үйірмесіне 1-11 сынып оқушылары тартылды. «Шағын футбол» ақысыз үйірмесіне мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары тартылды. Жетекшісі болып дене шынықтыру пәні мұғалімі Құлмурзин А. бекітілді. «Тоғызқұмалақ» ақысыз үйірмесіне 8-11 сынып оқушылары тартылды. Жетекшісі ретінде дене шынықтыру пәні мұғалімі Айжарықов А. бекітілді. Қыздар арасында «Волейбол» ақысыз үйірмесіне 7-11 сынып оқушылары тартылды. Жетекшісі ретінде дене шынықтыру пәні мұғалімі М.Жайлыбаев бекітілді. Ұлдар арасында «Волейбол» ақысыз үйірмесіне 7-11 сынып оқушылары тартылды. Жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі А. Тынысбаев бекітілді. Мектеп оқушыларының спорт үйірмелеріне қызығушылықтары жоғары.

Еңбек және дене тәрбиесін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстардың бірі ол мектепте әкелер қауымымен бірлесе жұмыс жасау еді. Осыған орай мектебімізде «Ұлағат» атты әкелер мектебі ашылды. Жылдық жоспары құрылып, жылына 3 рет отырысы ұйымдастырылып отырылды. Әкелермен байланысы отырып түнгі кезекшілік, мектепшілік шаралардағы кезекшілік, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстар, салауатты өмір салтын насихаттау барысындағы жұмыстарда әкелермен байланыс болды. Әкелермен мектеп қабырғасында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. «Әке – асқар тау» атты кездесу өткізілді.

б) Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері:

Ақшатау орта мектебі бойынша біліктілік деңгейіне, интеллектуалды ой-өрісіне, өнеге бейімділігіне (ән, би) шығармашылық деңгейіне, эстетикалық бейіміне, спортқа қабілеттілігінің жоғарылығына байланысты дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіледі.

Оқу жылының басында дарынды баламен жүргізілетін жұмыстар тізбектеліп, жоспарға сай бекітілді және жоспарға сәйкес жаңа міндеттер қабылданды. Осындай жүргізілген жұмыстар оң нәтижесін көрсетіп келеді.

2022-2023 оқу жылындағы жалпы жетістіктер:

Аудандық деңгей:

1. Талантты педагог Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Нұғыманова Гүлжамал Аққайдауқызы атындағы қазақ тілімен әдебиетінен аудандық пәндік олимпиадасынан Маратова Құндыз II орын. (Пән мұғалімі Казбекова А.Ж)
2. Аудандық «Кемеңгер» олимпиадасына қатысып, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Жарқынбай Ерсұлтан Саматұлы III орын иеленді. (Пән мұғалімі: Басауова С.С)
3. Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының аудандық кезеңіне қатысып, Серікболқызы Лаура II орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.Ж)
4. Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының аудандық кезеңіне қатысып, Әлімжанова Жанымгүл Мейрамбекқызы I орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.Ж)
5. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 10-сынып оқушысы Маратова Құндыз III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Казбекова А)
6. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен 9-сынып оқушысы Жарқынбай Ерсұлтан Саматұлы III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Басауова С.С)

7. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 10-сынып оқушысы Оралбай Алтынбек II дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі: Онбаева Ж)
8. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде орыс тілі пәнінен 11-сынып оқушысы Кәрім Дамира III дәрежелі дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Курманалина Л)
9. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде биология пәнінен 11-сынып оқушысы Нұғыметова Гүлданамақтау қағазымен марапатталды. (пән мұғалімі: Онбаева Ж)
10. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткізілген олимпиаданың биология пәні бойынша аудандық кезеңінде Жанбуршиев Ахмет I орын иеленді. (пән мұғалімі: Онбаева Ж)

Облыстық кезең

1. Республикалық III «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне қатысып Маратова Құндыз Бұланқызы III орын иеленді.
2. (Пән мұғалімі Казбекова А.) Аудандық Сырбай Мәуленов оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, Серікболқызы Лаура I орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)
3. Республикалық III «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне қатысып Кәрім Дамира Біржанқызы II орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)
4. Республикалық «Мәшһүр-Жүсіп» оқуларының облыстық кезеңіне қатысып Жарқынбай Ерсұлтан Саматұлы «Мақтау қағазы» иеленді. (Пән мұғалімі: Басауова С.)
5. Республикалық Мағжан Жұмабаев оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, Әлімжанова Жанымгүл Мейрамбекқызы III орын иеленді. (Пән мұғалімі Казбекова А.)
6. Облыстық «Туған ауылым мақтанышым» атты сырттай эссе байқауына қатысып, Қонысов Бекарыс Арманұлы II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі Казбекова А.)

Республикалық:

1. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып Ахметжан Сүйрік I дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)
2. Алпамысұлы Жандос I дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)
3. Бақытов Дамир III дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)
4. Мақсотова Перизат II дәрежелі дипломмен марапатталды. (Пән мұғалімі: Дошаева Т.)

7) Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері.

2022-2023 оқу жылындағы жалпы жетістіктер:

Аудандық деңгей

2022 жыл «Балалар жылына» сәйкес қазақ күресінен 2010-2012-2013-2014 ж.т жасөспірімдер арасындағы аудандық біріншілігінде III орын алған Есен Жандос. II орын алған Әлімжан Нұрбол, I орын алған Ғафуров Бекнұр. Жетекшісі: Жайлыбаев М.

2022 жыл «Балалар жылына» сәйкес қазақ күресінен 2010-2012-2013-2014 ж.т жасөспірімдер арасындағы аудандық біріншілігінде III орын алған Марат Нұрзат, III орын алған Оралбай Бейбарыс, III орын алған Мақсотов Азамат, I орын алған Жауынбай Ибрахим, III орын алған Нұғыметов Бауыржан

III орын алған

Жетекшісі: Айжарықов Арман

Аудандық XXII Спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында «Бес асықтан» өткен Ұлттық мектеп лигасында III орын ие болған Ақшатау орта мектебі.

Жетекшісі: Құлмурзин А

Аудандық XXII Спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында «Шұбар доп» өткен Ұлттық мектеп лигасында III орын ие болған Ақшатау орта мектебі.

Жетекшісі: Құлмурзин А

Аудандық XXII Спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында «Бес асықтан» волейболдан өткен Ұлттық мектеп лигасында III орын ие болған Әлімжанова Жанымгүл, III орын ие болған Қуанышева Аймерей

Жетекшісі: Құлмурзин А

«Жас сарбаз-2022» атты патриоттық клубтар арасында «Пневмативтік мылтық атудан» өткен аудандық жарыста II орын алған Ақшатау орта мектебі.. «Жас сарбаз-2022» атты патриоттық клубтар арасында «Пневмативтік мылтық атудан» өткен аудандық жарыста II орын алған Кәкімжанова Диана (54)

Жетекшісі: Мерғалиев Е

Ойыл аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлттық пікірсайыс облыстық турнирінің аудандық іріктеу кезеңіне қатысқаны үшін «Алғыс хат» Серікболқызы Лаура, Әлімжанова Жанымгүл

Жетекшісі : Айтеков Айдос

Аудандық XXIII Спартакиада бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары арасында тоғызқұмалақтан өткен Ұлттық мектеп лигасында III орын ие болған Кәрім Дамира, III орын ие болған Нұғыметова Гүлдана, III орын ие болған Марданбекұлы Сағындық. Жетекшісі: Айжарықов А.

I мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне қазақ күресінен 2007-2008,2009-2010 ж.т жасөспірімдер арасындағы аудан біріншілігінде III орын алған Қонысов Бекарыс, II орын алған Хамитов Әсет, II орын алған Нұғыметов Бауыржан, II орын алған Маратұлы Нұртілек

Жетекшісі : Айжарықов А

Облыстық деңгей

Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен «Мерген сарбаз- 2022» пневматикалық винтовкадан нысана көздеп ату жарысында жүлделі III орын алған Кәкімжанова Диана Жетекшісі: Мерғалиев Е

Қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы « Батыр» спорт клубының ашық біріншілігіне 2012-2013 жылдар арасында 26 кг салмақ дәрежесінде II орын алған Есен Елдос Жетекшісі: Жайлыбаев М

Халықаралық балалар қорғау күніне және Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Өрбісінов Бақдәулет Өрбісінұлын еске алуға арналған еркін күрестен 2009-2011 және 2012-2013 жылдары туылған кіші жасөспірімдер мен әйелдер күресінен 2011-2012 жылдары туылған кіші жасөспірім қыздар арасындағы XI дәстүрлі ашық облыстық турнирінде **II орынды** жеңіп алған Әлімжанова Жанна, **I орынды** жеңіп алған Қонысбай Амина, **III орынды** жеңіп алған Қуанышева Айман, **III орынды** жеңіп алған Кәрім Ақбота

Жетекшісі: Жайлыбаев М

8) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

9) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылында Ақашатау орта мектебі бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы жоқ.

10) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

1,2,3,4 сыныптарда үлгілік оқу жоспарында вариативтік компоненттен «Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға» 1 сағат бөлінген. Білім алушылардың есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейіндерін қалыптастыру, дамыту. Жаңа шешімдерді іздеу, қажетті нәтижеге жету, ерекше тәсілдерін табу, қиялдау, елестету және шығармашылық ойларын дамыту, қоршаған ортаға дұрыс көзқараспен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу мақсатында мақсатында 1,2,3,4 сыныптарда **1 сағат «Математика және логика»** вариативтік курсына берілді.

5-9 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

5 сыныпта – 28,5 сағат;

6 сыныпта – 28,5 сағат;

7 сыныпта – 31,5 сағат;

8 сыныпта – 32,5 сағат;

9 сыныпта – 34 сағат;

5-8 сыныптарда вариативті компоненттен 0,5 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту мақсатында **«Жаһандық құзыреттілік» курсы** өткізіледі.

9 сыныпта вариативті компоненттен 1 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсына** бөлінді.

10-11 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

10 - сынып-34 сағат

11- сынып-34 сағат;

10-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін

түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттіліктер»** курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында **1 сағат алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша оқу -дала жиыны курсына** берілді.

Элективті курс бойынша білім алушыларға жалпы химия тараулары бойынша әр түрлі типтегі есептерді шығарта отырып, оқушылардың химиялық білімдерін бекіту, жүйелеу және тереңдету мақсатында **1 сағат «Химиялық эксперименттік есептерді шешу»** курсы өткізіледі.

11-сыныпта вариативті компоненттен 3 сағат бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша білім алушылардың білім алушылардың кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім алуы; өз таңдауы үшін жауапкершілікке дағдыландыру және кәсіпкерлік тұрғыда ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру; қазіргі нарықтық жағдайларда болашақ дербес қызмет үшін дағдылардың практикалық базасын құру мақсатында **1 сағат «Жаһандық құзыреттілік»** курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша оқушыларға аймақтың химиялық өнеркәсібі, оның технологиясы, қолданылуы және олардың қоршаған ортаға әсері туралы терең білім беру мақсатында **1 сағат «Өнеркәсіптегі химия»** курсы өткізіледі.

Элективті курс бойынша оқушыларға адам денсаулығын сауықтыру туралы көптеген ақпараттар алуға қолайлы орта жасау мақсатында **1 сағат «Адам және экология»** курсы өткізіледі.

Оқу жоспары 2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатын және 2022 жылғы 31 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің шешімін басшылыққа ала отырып жасақталды.

2022-2023 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

№	Вариативті компонент атауы	Сыныбы	Пән мұғалімі
1	«Математика және логика»	1 - сынып	Жумағалиева Г.С
2	«Математика және логика»	2- сынып	Борашева А.Қ
3	«Математика және логика»	3-сынып	Аханова Ж.К
4	«Математика және логика»	4 - сынып	Борашева А.Қ
5	«Жаһандық құзыреттілік»	5 - сынып	Борашев Ә.Қ
6	«Жаһандық құзыреттілік»	6 - сынып	Борашев Ә.Қ
7	«Жаһандық құзыреттілік»	7 - сынып	Мәдиева С.
8	«Жаһандық құзыреттілік»	8 - сынып	Мәдиева С.
9	«Жаһандық құзыреттілік»	9 - сынып	Мерғалиев Е.А
10	«Жаһандық құзыреттілік»	10-сынып	Темірова Д.Қ
11	Оқу далалық жиыны	10-сынып	Мерғалиев Е.А
12	«Химиялық эксперименттік есептерді шығару»	10-сынып	Бақтыгереева Э
13	«Жаһандық құзыреттілік»	11-сынып	Дабылов С.Ж
14	«Өнеркәсіптегі химия»	11-сынып	Бақтыгереева Э.А
15	«Адам және экология»	11-сынып	Онбаева Ж.Е

11) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.

2022-2023 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырды) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

12) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

Ақшатау орта мектебінде **2022-2023 оқу жылындағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы**н іске асыру төмендегідей жүргізілді: 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта 1-4-сыныптарда «Жол қозғалыстарының ережесі» оқу курсының мазмұны сынып сағаттарының есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан өткізіледі; 5-8-сыныптарда бұл оқу курсы сабақтан тыс уақытта сынып сағаттары мен факультативтер есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді.

13) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамының талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер саны	Жоғары біліктілік санаты	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші біліктілік санаты	%	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%	Сапа
2022-2023	4	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	2	50	1	25	1	25	50

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі -50%.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер саны	Жоғары біліктілік санаты	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші біліктілік санаты	%	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%	Сапа
2022-2023	22	-	-	4	13,8	1	3,4	-	-	2	9	6	27,2	3	13,6	6	27,2	54,5

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі - **54,5%**.

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2022-2023 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	6-8	7	7-8	8	9	10	11
2022-2023	Инвариантты	22,5	23	26	26	29	29		32		33	34	33	33
	Вариативтік	-	1	1	1	2	2		2		2	2	4	6
	Барлығы	22,5	24	27	27	31	31		34		35	36	37	39

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылында сыныпқа бөліп оқыту болған жоқ.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының,

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

оқу жылы	сыныбы	оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2022-2023	9	1	география	0	1	0		100
		1	қазақ әдебиеті	0	1	0		100
		11	орыс тілі мен әдебиеті	1	3	7		36,3
		7	биология	0	2	5		28,5
		11	қазақ тілі	0	6	5		54,5
		11	алгебра	2	2	7		36,3
	11	2	дүние жүзі тарихы	0	2	0		100
		3	алгебра және анализ бастамалары	1	2	0		100
		3	Қазақстан тарихы	1	2	0		100
		3	қазақ тілі	1	1	0		100
		3	орыс тілі	1	2	0		100
		2	география	1	1			100
		1	дүние жүзі тарихы	1	0			100
		4	химия	0	1	0		100
		1	биология		2			100

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

2017-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ. Осы орайда мұғалімдерге ескерту жасалды, өйткені, «Күнделік.кз» электронды журналында үй тапсырмасының уақытын барлығы бірдей көрсетпеген.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлар мен ата-аналардың танысқандығы жөнінде колдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес, мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 мамырда № 28016 болып тіркелді) сәйкес бағаланған жоқ.

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:

2022-2023 оқу жылында Ақшатау орта мектебінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушы болған жоқ

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуді айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

15) Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40 -тармағы (40. *Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.*)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44. *Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.*)-4 сыныпта, 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. *Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.*), 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.))- 9 класта, 4-қосымшасы 3 тарау §2 52-тармағы (52. *Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс.*)-10-11 кластарда талаптары сақталды.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылында каникул кезеңдері 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазаннан -6 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда) беріледі.

Мектеп директоры  Б.К. Карасаев

Комиссия мүшелері  С. С. Басауова

 Г.Ж. Калиева

